

## Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

31.08.2022

Барлығы-12

Қатысқаны-11

**Күн тәртібінде:**

1. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру.  
2022 жылғы 5 тамыздағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы, жоспары,
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
3. «Кенжебай Ата-Шаңырақ» балабақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен бекіту.
4. 2022-2023 оқу жылына топтардың жас ерекшелігіне қарай жылдық, күн тәртібімен оқу жоспарымен және ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесімен таныстыру және бекіту.
5. Топтардың оқу жылына дайындығы тақырыптық тексеру қорытындысы.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Б. Тулеметова 2022-2023 оқу жылындағы басшылыққа алынатын нормативті құжаттармен таныстырды. Оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы мен жоспары өзгергенін айтып өтті. Осы құжаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасау керек екенін ескертті.

Әдіскер А. Маштекова 2022-2023 оқу жылына тәрбиешілер тәрбиелеу-білім беру процесінде тек үш құжатпен ғана жұмыс жасайтынын атап көрсетті. Олар: Перспективалық жоспар, циклограмма және бала дамуының мониторингі. Сонымен қатар ол 2022-2023 оқу жылындағы топтардың жас ерекшелігіне қарай жасалған жылдық оқу жоспарымен және ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесімен және әр топтың күн тәртібімен таныстырды. Биылғы 2022-2023 оқу жылында «Қазақстан

Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы» 2022 жылғы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып жұмыс жасаймыз.

Перспективалық жоспарды жасағанда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттерді Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады –деді.

Сонымен қатар, ол педагог мамандардың аттестаттаудан өту ережесімен таныстырды. Тәрбиешілер оқу жылында тест тапсырып өз санаттарыңызды көтеруге болады деп ескертті.

### **Сөз сөйлегендер:**

#### **Сманова Гаухар –тәрбиеші**

-Оқу жылына жаңадан перспективалық жоспар жасаймыз. Апталық циклограмма құрамыз. Бірақ оқу іс-әрекетін күні бойы өткізетініміз қиын екен. Оны да үйренерміз. Бастысы, балаларды ұлттық құндылықтарды сақтауға, салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелей берейік.

#### **Ауелбекова Ғ-тәрбиеші**

-Мен жаңартылған мазмұнмен бойынша курстан өткем. Перспективалық жоспар мен циклограмманы жасауда қиындық болмас деп ойлаймын. Ал, бала ертегі арқылы өмірлік тәжірибе жинақтайды жаман мен жақсыны ажыратады. Батылдыққа, тазалыққа, адамгершілікке баулынады. Сондықтан да балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көптеп алуымызға болады деп ойлаймын. Оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі талапқа сай жасалған. Жылдық жоспарды орындаймыз.

#### **Абилдаева А –тәрбиеші**

Күн сайын ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін ойын түрінде жүзеге асырамыз. Ойын арқылы баланың ақыл ойы дамиды, танымдық, зияткелік дағдылары артады.

### **Қаулы:**

1. 2022 жылғы 5 тамыздағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа ала отырып

жасалған 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітіліп іске асырылсын.

2. Тәрбиеші-педагогтар перспективалық жоспарға үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін басшылыққа алып, бағдарлама мазмұнын жүзеге асырсын.
3. 2022-2023 оқу жылындағы нормативтік құжаттармен жұмыс жасау тәрбиешілерден сұралсын.
4. 2022-2023 оқу жылына балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған оқу жоспарлары, оқу кестелері, күн тәртібі талапқа сай деп табылсын.
5. Аттестаттаудан өтетін кезекті, кезектен тыс жұмыс педагогтар өтініші қабылданып, портфолиосы жинақталсын, ұлттық тестқа қатыссын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б. Тулеметова

А. Муртова

## Педагогикалық кеңес хаттамасы №2 (кезектен тыс)

09.09.2022

Барлығы-10

Қатысқаны 10

Кү тәртібінде:

1. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын таныстыру.

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері А Маштекова қолданыстағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымшамен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілгенін айтты. Оқу жоспары бұрынғыдай емес, өзгеріс көп, әр топқа ұйымдастырылған іс-әрекеттің сағаттары берілмеген.Іс-әрекеттерді күн сайын күн тәртібіне сай жасалған апталық циклограммамен өткіземіз.Перспективалық жоспарға үлгілік оқу бағдарламасындағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай міндеттер қойылады.

**Қаулы:**

1. Тәрбиелеу-білім беру процесіне Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымшамен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынсын.
2. «Бүлдіршін» ерте жас, «Балапан» кіші, «Айгөлек» кіші, «Ақбта» ортаңғы, «Балдырған» ересек, «Балдәурен» ересек, «Балауса» МАД, «Қарлығаш» МАД топтарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-



## Педагогикалық кеңес хаттамасы №3 (кезектен тыс)

14.10.2022

Барлығы: -10

Қатысқаны 10

### Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымшамен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен танысу.

### Тыңдалды:

Балабақша әдіскері А Маштекова қолданыстағы « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 12-тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығына қосымшамен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы болып бекітілгенін айтып өтті. Ондағы өзгерістер көп екенін МАД тобына 20 сағат берілгенін Ортаңғы топтан бастап, мемлекеттік тіл «Қазақ тілі» енгізілгенін атап көрсетті. Сонымен қатар ұйымдастырылғанын оқу іс-әрекеттерінің столда отырып қана емес, күні бойы жас ерекшеліктеріне қарай, күн тәртібіне сәйкес жасалған апталық циклограмма мен жүзеге асырылатынын түсіндірді. Баланы балабақшаға қабылдағаннан таң ертеңгі жаттығу уақытында іс-әрекеттерде, сергітуде, тамақ ішу барысында және күннің екінші жартысында бала үйге қайтқанша жалғасатынын айтып өтті. Тәрбиешілер перспективалық жоспарлы циклограмма және бала дамуының мониторинг , жеке даму парағымен жұмыс істейді деді.

### Қаулы:

1. Тәрбиелеу-білім беру процесіне Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымшамен бекітілген. Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы басшылыққа алынсын.

2. «Балапан» кіші «Айгөлек» кіші «Ақбота» ортаңғы «Балдырған» ересек «Балдәурен» ересек МАД топтарында мемлекеттік тіл «Қазақ тілі» бағдарлама талабына сай өткізілсін.
3. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығына қосымшамен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жұмыс жасау тәрбиешілер мен мамандардан сұралсын.
4. Осы жұмыстардың стандарт талабына сай орындалуы әдіскер А Маштекова сұралсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



Б. Тулеметова

А Муратова